



АСТАНА

АҚШШАМЫ

Қазақ – кең жүректі, дархан мінезді, қонақжай халық. Алтайдан Каспий теңізіне дейінгі кең-байтақ жерді қоныстанып, оны игеріп, көшпенділік жағдайда өмір сүрген. Осы ұшықырсыз аймақта тұрып, ешкімге қиянат жасамай, ғасырлар бойы жан-жақтан төніп шапқыншылаған жаулармен соғысуға тура келіп отырған. Үш жүздің басы қосылып біріккен кезеңдерде жеңістерге жетіп, ыдырап, бөлектенгенде, басқыншылардан зардап шеккенде де өз жерінде болды. Көршілерінің байлығына, жеріне аталарымыз қызыққан жоқ.

XVII-XVIII ғасырларда халқымыз жоңғар шапқыншылығының зардаптарын қатты көріп, «ақтабан шұбырындыға» ұшырап, көп ер-азаматтар, тіпті, кәрі-құртаң, әйелдер мен балаларға дейін қырылыс тапты. Міне, осылай ұлтымыздың жаппай жойылып кету қаулі туғанда ел қорғайтын, нағыз қайратты, жігерлі азаматтар керек болды.

XVIII ғасырда тар заманның қыспағынан шығу жолын іздеген билер, қол бастайтын ерлер, жеке-дара қаһармандығымен, сайыскерлігімен көрінген батырлар қатары толыға берді. Белгілі тарихшы Манаш Қозыбаев бір еңбегінде: «Қиын қыстау заманда халықтың болмысы тарих сахнасына шығып, оның бүгінгісі мен ертеңі сараптауға түскенде, ел өз ортасынан елдік үшін, Отаны үшін, ар-намысы үшін, ел намысын ер намысына ұштастырған ерлер шығарды. Заман деген ұста ерлерді тудырды, олардың өлмес атын өшпес іспен нұрландырды» деп жазған. Бұл топтағы батырлар – Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақұлы Жәнбек, Жантай, Олжабай, Барақ, Баян, Малайсары, Байғазы, Атан, Досай. Олардың басқа да



E-mail: info@astana-akshamy.kz

*«Ей», – деді Жантай батыр тіке қарап,
Жағынып мен ешкімнен алман сауап,
Тауымнан ұлтарақтай жер бермеймін,
Қалмаққа төрелер – ақ қыпсын тауап.*

Жантай батыр туралы Шоқан Уәлиханов, Үмбетей жыраумен қатар Мағжан Жұмабаевтың, Ералы Саққұлақұлының, Олжабай Нұралыұлының, Молдажан Жадайұлының, Қалихан Алтынбаевтың шығармаларында кездеседі. Ералы Саққұлақұлының «Жантай» деп аталатын дастанын (Жантай – Абылай ханның бас батыры) С.Сейфуллин кезінде «Әдебиет майданында» жариялаған көрінеді.

Тұрсынбай Ерғалиевтің (Ералиннің) «Жантай батыр» деген әлі жарық көрмеген тарихи дастаны бар. Дастан Жантай батырдың ерлік істерін, Итішпес – Алакөлдiң қалың қамысы ішінде 500 қолымен күші басым он мың қалмақпен айқасқанын жырлайды.

*Жылқысы батыр Жантай ала сынды,
Күржіреуж – Шүмектіден орын алды.
Өлді деп батыр Жантай естiгенде,
Басы Қаңсы қатындары қара салды.*

Тұрсынбай Ерғалиевтің тұжырымдауынша, Жантай батыр 1750 жылы алпыс жасында көп қалмақты қырып, өзі де қан майданда қайтыс болған. Келтірілген деректерге қарап, батырды 1690 жылы туған деуге болады.

ЖОЛБАРЫС ЖҮРЕК ЕР ЖАНТАЙ

зәңгілер аз болған жоқ.

Тек Қанжығалы руынан Бөгенбай, Жантай, Үмбетей, Досай, Атан, Ақпан, Бура, Тайпақ, Үйсімбай, Арқандар, Жанболат батырлар шыққан. Негізінен, сол зұлмат заманда қазақ жерін жаулардан қорғап қалу ұмтылысы жалпы халықтық сипат алып, ерлік, батырлық дәріптеліп, көпшіліктен қолдау тауып отырған.

Қалмаққа қарсы шайқасқа шыққан бір жорыққа дайындалу барысын ақынымыз Мағжан Жұмабаев былай баяндайды:

*Жиылды өңшең нояң, ығай-сығай,
Байжігіт, Тасболат пен би Тольбай,
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай,
Ашуы жауған қардай, шөккен нардай,
Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай.
Бөкеңнің жас жолбарыс жеткіншегі,
Аузынан жалын атқан жас Жантай.*

Жантай батыр қараторы, қыр мұрынды, кең жауырынды, қайратты, ержүрек, айтқанынан қайтпайтын адам болған. Қан майданда талай рет жаудың батырларымен жеке-жеке шығып, жеңіске жетіп, қазақ жасақтарының рухын көтеріп, жалпы қақтығыстың басымдығын өз жағына алып беруге көмектесіп, ерліктің ерекше үлгілерін көрсеткен. Кескілескен ұрыстағы батырдың жанкештілігін Үмбетей былай жырлайды:

*Ер Жантай дәуді тірі ырғап-ырғап,
Жерге ұрды салмағымен көтеріп ал,
Күрең ат кетті ытқып шырық айнала,
Жау қаны ақты балғын шөтті былғап.*

Ереймен жерінде басқыншылармен қанды шайқас болған. Қазақ еліне басып кірген жоңғарлар Нұра мен Есілден өтіп, Ерейменге жеткен. Жауды қазақ қолы осы жерде қарсы алады. Қолды Бөгенбай мен Қабанбай, Әбілмәмбет хан басқарған. Бөкеңнің жанында сол топырақтың қырандары Жантай, Жадай, Баян, Олжабай, Жарылғап батырлар болған.

Мұндай соғыстың алдында екі жақта батырлардың жеке-жегіне орын беріп отырған. Алаштың намысын қорғап, ортаға Жантай батыр атын ойнатып шыққан. Оған жоңғарлардан сом денелі, көптеген қақтығыстардың өкісі Қырыс батыр қарсы тұрады. Екі батыр бір-бірі көпке дейін ала алмай, ақыры Жантай айнасын асырып, найзамен шаншып түсірген. Көңілдері көтеріліп, ынталанып, жеңіске деген рухтары артық қазақ жасақтары жеңіп, жоңғарларды Қара Ертістен, одан өрі Алтай тауларынан асыра қуып салған.

Елінің жауларына қарсы ұлы жорықтардың, кескілескен қанды қақтығыстардың бел ортасында ерекше батырлығын танытқан Жантай қолбасшы Бөгенбай батырдың қасында болған. Оның шапқыншыларды жеңуге құрған стратегиялық жоспарларын, тактикалық әдістерін іске асыруға өзінің лайықты үлесін қосып отырған.

Бір кезеңде жоңғарлардан жеңіліс тапқаннан кейін көше бермейік деген ақылына көне қоймаған Әбілхайыр ханға өкпелеп, Бөгенбай батыр Сарысуға уа-

қытша қоныстанған. Осы ыңғайсыз уақыттарда Бөкеңе нағыз жолдастары серік болған. Бұл уақиға туралы ақын Молдажан Жадайұлының өлеңінде белгілі қолбасшының жалғыздық көрмегені туралы айтылады:

*Кешеп аз болса да елден жалғыз
Бетіне ешкім қарсы келмегенін.
Болғанда бірі қанат, бірі құйрық,
Туысы Атан, Жантай ерлегенін
Екеуі байлау болып екі мыңға
Жауға өткел тар заманда бермегенін.*

«Ақтабан шұбырынды» жеңілісінен кейін жоңғарларға соққы беру үшін Әбілхайыр хан, қолбасшы Бөгенбай батыр бастап қазақ жасақтары қайта құрылады. Бөгенбай батыр ұрпағы Қазыбек Нұралин дайындық барысында кедергі туғызған бір мәселе жөнінде былай жазады:

«Бөгенбайға және мыңбасы батырларға кездескен қиындық жауынгерлерді түгелдей қарумен жарактандыру мәселесі болады. Қазақ хандығының өнеркәсіпті қалалары басқыншылардың қолында қалып, талқандалып, талан-таражға түскен еді. Қару соғатын шеберханалары бар Ташкент, Қоқан, Бұхар қалаларымен қатынас үзілген».

Батырлар осындай дағдарысқа кезіккенде оларға Сөмеке ханның ордасын қорғаған төлегіттердің бастығы Жайсаң батыр келіп, Алтай жеріне барып, онда өзі білетін бір кен таңығыш ұстаны әкелуге рұқсат сұрайды.

Жантай батыр қасына қырық кісі ертіп, Жайсаңмен бірге Алтайға кетеді. Ай жүріп, ақ киізге құндақтаған ойрат-қалмақтың ұстасын тұтқындап әкеледі. Қазақ батырлары ұстадан: «Кімсің?» – деп атын сұрағанда, ол «Дарханмын» – деп жауап береді. (Дархан – қалмақ тілінде – «ұста» деген сөз). Осыдан ол ұста Дархан атанып кетеді. Жантайдың осы жорығы халық аузында «Қырық батыр жорығы» деп аталады. Кейін Жайсаң мен Дархан мұсылмандыққа кірген соң, Жайсаң Бөгенбай батырға, Дархан Жантай батырға тән болады. Екеуінің ұрпақтары бүгінде Ақмола облысы Ерейментау ауданы Сілеті өңірінде тұрады. Дархандар қанжығалының Нияз руына жатады. Ереймендегі Кәрітау мен Жуан төбе арасындағы Дархан тауы олардың ежелгі қонысы болып қалды.

Дархан ұста Ұлытаудан темір кенін тауып, оны ежелгі қыпшақтардан қалған пештерде арша көміріне қорытады. Одан болат балқытып, қазақ ұсталарына жауынгерлерге қажетті қару-жарақ, сауыт-сайман соқтырады.

Осылай қаруланған қазақ қолы Іле өзенінің Аңырақай ағысының тұсында жоңғарлармен кездеседі. Жоңғарлардың Талқы асуы үстінде қалай бекінгенін байқап келуге Бөгенбай батыр барлаушы жібереді. Солардың ішінде Сабалақ та, Жантай да болады. Барлаушылар аман-есен оралып мән-жайды айтады.

Сабалақ қамалға біртұтас кеуделеп шаппай, оған жақындағанда үшке бөлініп, біріншісі ортадан, қалғандары қос қанат-қамалдың екі шетін шабуылдауды ұсынады. Бір шетіндегі шабуылға Жантай батыр қатысады. Қазақтардың Талқы қамалына жасаған шабуылы толық жеңіспен аяқталады. Бұл жеңіс – қазақтардың күшін біріктіруінің, жаумен аяңбай күреске кірскен ынтасының, жасақ жауынгерлерінің ерлігінің, тиімді тактикалық әдісті қолдана білуінің нәтижесі болады.

Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар» деген еңбегінде Жантай батырдың ерліктерінен деректер берілген. Абылай жаумен болған айқаста алғыншы ретінде мың жігітті іріктеп алып, оларды екіге бөліп, Жантай батырды біріншісіне басшы қылып барлауға жібереді. Жантай батыр нөкерлерімен қалың жаудың шетінен тиіп, олжалы, маңызды деректермен оралады. Негізінен болаттай берік, қылыштай жарқырап Жантай батыр болған соғыстарда жарғыш топты басқарып, қалың топқа осындай аз ғана жолдастарымен бүйірден тиісіп, өздеріне жаудың көңілін аударып, негізгі қазақ жасақтарына жеңіске жетулеріне жағдай жасап отырған.

Бөгенбай батыр ұрпағы Ералы Саққұлақұлы Ерейменге арнаған өлеңінде:

*Ереймен талайларға арман жерсің,
Сөбірлі Қантайдан да қалған жерсің.
Бөгенбай, Жантай сынды батырлардың,
Найзасын қанға бояп алған жерсің.*

«Найзасын қанға бояп алған жерсің» деп ақын сол 1733 жылы Ереймен тұсында қалмақтармен болған соғысты аузына алған. Елін қорғау жолындағы қазақ халқының XVIII ғасырдағы қалмақтарға қарсы тынымсыз соғыстарының хронологиясы мәңгілік есте қалатын ерлік, батырлықтың шыңы деуге болады. Солардың қатарында 1725 жылғы Алакөл, 1726 жылғы Бұланты, 1728 жылғы Шұбартеңіз жағасындағы, 1730 жылғы Аңырақай, 1733 жылғы Кәрітау (Ерейментау) шайқастары, 1750-60 жылдардағы Алтай – Тарбағатай, Жетісу жорықтары.

Осы ұрыстардың бірталайында кейде жарғыш топтарды басқарып, керегінде жеке-жеке шығып, көбіне жеке батырлығымен көзге түскен Жантай батырдың ерлік істері тарихи деректерде, дастан-жырларда, аңыз-өңгімелер түрінде де халқымыздың арасында кеңінен айтылған. Замандасы, жорықтардағы үзегілесі Үмбетей жырау «Жантай батыр» жырында оның ерлік істерін, намыскер, мұқалмайтын болаттай қайратын шынайы суреттейді.

Абылай баласы Қасым төре қалмақтарға Ерейменнен жер бөліп бермекші болып, Жантайды көндіруге тырысады. Үмбетей жырау төрт жол өлеңмен батырдың намыс сезімін, Отанына шын берілген азамат екенін, ешкімнен жасқанбайтынын, қайтпас мінезін орынды дәлелдейді:

Абылайхан бастаған батырлардың, жауынгерлердің ерен жаппай ерліктерінің нәтижесінде қазақ жері қалмақтан, басқа да жаулардан тазартылады. Қалихан Алтынбаевтың «Ақырғы айқас» дастанында мынадай жолдар келтірілген:

*Қалқан ойрат артынан,
Аса туған халқынан.
Қарт Бөгенбай қалмады,
Қалатұғын болмады.
Тетелесі Жантай бар
Тоқтамыс пен Мамай бар,
Көмек беріп қолдады.*

Жау қуылып, қазақ халқы өз жеріне түпкілікті орналасуына мүмкіншілік алды. Ерейменге Бөгенбай, Жантай батырлардың қанжығалы руы қоныстады. Бұл – табиғаты сулу, өмірге ыңғайлы, таулы, ағашты, өзен-көлді жер. Шоқан Уәлиханов аталарымыздың жаңа қоныстануы туралы тарихи еңбегінде былай жазады: «С 1758 года арғыны стали устраиваться в тех местах, где их застали русские». Осы өлкеге экспедицияға қатысып, оның тұрқырындағаны: «Баянауыл округінде қоныстанушы қазақтар Нұра мен Есілдің бастауларында тамаша жазғы жайылымдар бар болса да, ең маңыздысы – қыстаулары жоқ. Осынау сұрықсыз жазық ішінде Баянауылдың орманды таулары мен Ереймен қонақжайлық танытпайтын шөлдегі оазис сияқты көрінеді».

Бүгінгі еліміз тәуелсіздік алған заманда ұлы аталарымыздың ғасырларға созылған қаһарлы, қанды майдандарда жеңіп, Отанын қорғап қалып, ұрпақтарына қалдырып кеткен жерлерінде қазақ халқымен қатар басқа ұлт өкілдері де тұрып, игілігін көруде. Шынында халқымыздың айтылып өткен өшпес ерліктері ұмытылмауға тиісті. Әсіресе ұлы батырларымызды ұлықтай білсек, олар туралы зерттеулер, кітаптар жазсақ, тарихи, көрнекті фильмдер шығарсақ, жас ұрпақтарымызды отансүйгіштікке, адамгершілікке, ел қамын ойлау тұрғысында тәрбиелеуге үлкен мүмкіншілік берер еді.

Ерлігі, батырлығы туралы жазып отырған Жантай атамызға Ерейментау қаласында бір көшенің аты беріліпті. Бұл болаттай берік болған, ел үшін ханын қиған батырға аздау көрінеді. Сондықтан Жантай батырға облыс орталығы Көкшетауда, басқа елді мекендерде көше атын, мектеп, спорт кешендерін атап, Ерейментау қаласында ескерткіш орнатқан лайықты дегіміз келеді. Бұл – өмірдегі міндеттеріміздің негізгісі, бұрынғылар айтқандай: «Аталар рухы риза болмай, ұрпақтар көңілі жай болмайды». Аталар даңқын ардақтап, асқақтатып, елімізді көркейтуге еңбек ете берейік.

Сайлаубек БАЙБОЛОВ,
Астана қаласы Алматы ауданы
ардагерлер кеңесінің төрағасы